

Қостанай қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 1 тамыздағы № 1778 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңына сәйкес, Қостанай қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай қаласы әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылды деп танылсын: Қостанай қаласы әкімдігінің "Қостанай қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 24 мамырдағы № 911 "Қостанай қаласының аумағында көшпелі сауда орындарын белгілеу туралы" қаулысына келесі өзгерістер енгізу туралы" 2012 жылғы 29 маусымдағы № 1392 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-1-197 тіркелген, "Наш Костанай" газетінде 2012 жылы 28 тамызда жарияланған);

Қостанай қаласы әкімдігінің "Қостанай қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 24 мамырдағы № 911 "Қостанай қаласының аумағында көшпелі сауда орындарын белгілеу туралы" қаулысына келесі өзгерістер енгізу туралы" 2014 жылғы 18 тамыздағы № 2063 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5093 тіркелген, "Наш Костанай" газетінде 2014 жылы 23 қыркүйекте жарияланған).

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енгізіледі.

Әкім

Б. Жақыпов